



БҰЙРЫҚ

31.12.2020 г.

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ *558*

город Нур-Султан

Квота бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» заңының 7-бабының 23) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға 2021 жылға арналған квотаны облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың арасында:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес шетелдік және маусымдық жұмыскерлердің санаттары бойынша;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес еңбекші иммигранттарды тартуға бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастырсын;

2) осы бұйрықты облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармаларына және Ішкі істер министрлігінің назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Ж. Шапкеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Б. Нұрымбетов

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2020 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
1-қосымша

**шетелдік және маусымдық жұмыскерлердің санаттары бойынша шетелдік
жұмыс күшін тартуға 2021 жылға арналған квота**

№	Өңірлер	Еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға санаттар бөлінісіндегі квота (бірлікте)					
		Барлығы (бірлік)	оның ішінде				
			I санат	II санат	III санат	VI санат	маусымдық жұмыскер
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Ақмола облысы	155	6	46	103	-	-
2	Ақтөбе облысы	1 155	75	335	545	-	200
3	Алматы облысы	2 729	65	450	1 330	288	596
4	Атырау облысы	7 723	144	2 485	4 494	-	600
5	Шығыс Қазақстан облысы	4 263	22	234	538	2 774	695
6	Жамбыл облысы	1 059	28	226	736	39	30
7	Батыс Қазақстан облысы	2 000	37	681	555	50	677
8	Қарағанды облысы	672	14	186	279	193	-
9	Қостанай облысы	280	36	59	111	74	-
10	Қызылорда облысы	335	28	110	190	7	-
11	Маңғыстау облысы	2 534	64	936	1 071	285	178
12	Павлодар облысы	135	5	44	84	2	-
13	Солтүстік Қазақстан облысы	95	10	33	52	-	-
14	Түркістан облысы	156	14	83	47	12	-
15	Алматы қаласы	2 915	476	1 158	1 181	100	-
16	Нұр-Сұлтан қаласы	1 777	321	412	709	335	-
17	Шымкент қаласы	322	9	32	270	11	-
	ЖИЫНЫ:	28 305	1 354	7 510	12 295	4 170	2 976

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2020 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 558 бұйрығына
2-қосымша

2021 жылға еңбекші иммигранттарды тартуға арналған квота

№	Өңірлер	Саны (бірлікте)
1	2	4
1	Ақмола облысы	5 000
2	Ақтөбе облысы	5000
3	Алматы облысы	40000
4	Атырау облысы	35000
5	Шығыс Қазақстан облысы	2000
6	Батыс Қазақстан облысы	2000
7	Жамбыл облысы	10000
8	Қарағанды облысы	7000
9	Қызылорда облысы	8000
10	Қостанай облысы	2000
11	Маңғыстау облысы	30000
12	Павлодар облысы	2000
13	Солтүстік Қазақстан облысы	2000
14	Түркістан облысы	25000
15	Алматы қаласы	35000
16	Нұр-Сұлтан қаласы	25000
17	Шымкент қаласы	20 000
	ЖИЫНЫ:	255 000